

SMG ҚЫЗМЕТТЕРІ

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ

Күшіне енген күн: Наурыз, 2018

Бұл Қызмет көрсету шарттары мен SMG құпиялылық саясатында ("**Шарттар**") Service Management Group, LLC және оның еншілес тұлғаларының ("**SMG**" немесе "біз") сіздің осы Шарттарға байланысты немесе сілтеме жасайтын веб-сайттарға, қызметтерге және қолданбаларға, соның ішінде мобильді қолданбаларға қол жеткізу ұсынысымызды қамтамасыз ететін шарттар сипатталады (барлығы бірге – "**SMG қызметтері**").

SMG қызметтеріне қол жеткізу және оларды пайдалану алдында осы Шарттарды мұқият оқып шығуыңыз керек; ол сіз бен SMG компаниясы арасындағы құқықтық келісім болып табылады.

ҚАНДАЙ ДА БІР SMG ҚЫЗМЕТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ СІЗ ОСЫ ШАРТТАРМЕН КЕЛІСЕТІНІҢІЗДІ ЖӘНЕ ОНДАЙ ӨРЕКЕТ ЖАСАУҒА ЗАҢДЫ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗДЫҢ БАР БОЛҒАНЫН РАСТАЙСЫЗ. ЕГЕР СІЗ SMG ҚЫЗМЕТТЕРІН ӨЗ ЖҰМЫС БЕРУШІҢІЗДІҢ АТЫНАН ПАЙДАЛАНАТЫН БОЛСАҢЫЗ, СІЗДІҢ ОСЫ ШАРТТАРМЕН КЕЛІСУІҢІЗ ЖҰМЫС БЕРУШІ МЕН SMG КОМПАНИЯСЫ АРАСЫНДА ЖАСАЛҒАН КЕЛІСІМ БОЛЫП САНАЛАДЫ ЖӘНЕ СІЗ ЖҰМЫС БЕРУШІҢІЗГЕ ОСЫ ШАРТТАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕ АРТУ ӨКІЛЕТТІГІНЕ ИЕ БОЛҒАНЫҢЫЗДЫ МӘЛІМДЕП, ОҒАН КЕПІЛДІК БЕРЕСІЗ.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУ: Осы шарттар SMG компаниясының сіздің алдыңыздағы жауапкершілігін шектейтін және бізбен кез келген дауларды қандай да бір ұжымдық немесе өкілдік арыздың бір бөлігі ретінде емес, жеке негізде түпкілікті және арбитраж арқылы шешуге міндеттейтін ережелерді қамтиды. Қосымша ақпарат алу үшін "КЕЛІСІМШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, КЕПІЛДІКТЕРДЕН БАС ТARTУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ШЕКТЕУЛЕРІ" (7-бөлім) және "ДАУЛАРДЫ ШЕШУ" (9-бөлім) бөлімдерін қараңыз.

ЕГЕР СІЗ ОСЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫНДА ЖӘНЕ SMG ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫНДА КӨРСЕТІЛГЕН ТАЛАПТАРДЫҢ БАРЛЫҒЫМЕН КЕЛІСПЕЙТІН БОЛСАҢЫЗ, СІЗ SMG ҚЫЗМЕТТЕРІН ПАЙДАЛАНА АЛМАЙСЫЗ.

1. ШАРТТАРҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

Бұл шарттардың күшіне енген күні осы веб-парақшаның жоғарғы жағында көрсетілген. Жаңа мүмкіндіктер қосылған кезде, біз осы Шарттарды өзгертуіміз мүмкін. SMG компаниясы бұл Шарттарды кез келген уақытта жаңарту арқылы өзгерте алады. Бұндай өзгерістердің кез келгені сіз үшін міндетті болып табылады; сол себептен осы парақшаны жүйелі түрде ашып, Шарттарға енгізілген өзгерістермен танысып отыруыңыз қажет. Қандай да бір өзгеріс енгізілген шарттар жарияланғаннан кейін SMG қызметтерін пайдалануды жалғастырсаңыз, ол сіздің өзгертілген Шарттармен келіскеніңізді білдіреді.

Өзгертілген Шарттар келісімдердің, ескертулердің немесе Шарттар туралы мәлімдемелердің барлық алдыңғы нұсқаларының орнын басады, бірақ өзгерістер ретроактивті түрде қолданылмайды.

2. ҚОСЫМША ШАРТТАР

SMG қызметтері немесе олар арқылы ұсынылатын мобильді қолданбалар, тотализаторлар, ұсыныс сайыстары және басқа қызметтер сияқты белгілі бір қызметтер солармен бірге берілетін қосымша шарттарға сәйкес ("Қосымша шарттар") реттелуі мүмкін. Бұндай қызметтерді пайдалану алдында Қосымша шарттармен келісуіңіз керек. Кез келген Қосымша шарттар осы Шарттарға қосымша ретінде қолданылады. Егер Қосымша шарттардың қандай да бір талабы осы Шарттардың қандай да бір талабына қайшы келсе, осы Шарттардың сәйкес келмейтін талабы бойынша және тек сол сәйкессіздіктің шеңберінде Қосымша шарттар басым күшке ие болады.

3. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ/ҚАУІПСІЗДІК

SMG қызметтерін пайдалану алдында SMG құпиялылық саясатын мұқият оқып шығып, SMG компаниясы SMG қызметтері арқылы жинайтын жеке деректер туралы, олардың өңделуі және жеке деректерді кіммен бөлісе алатынымыз туралы мәлімет алыңыз. SMG Құпиялылық саясатының көшірмесін осында таба аласыз:

4. SMG МАЗМҰНЫ

SMG қызметтері, соның ішінде SMG қызметтерінде немесе олар арқылы ұсынылатын кез келген ақпарат, кестелер, суреттер, иллюстрациялар, мәтін, бейнеклип, деректер жиынтығы, бағдарламалық құралдар, аудиоклип, сауда белгілері, қызметтік белгілер, журналдар, коммерциялық атаулар және басқа да мазмұн (барлығы бірге – "**SMG мазмұны**") SMG компаниясының, оның еншілес тұлғаларының, серіктестерінің, лицензиарларының немесе өкілдік ететін компанияларының меншігі болып табылады және АҚШ пен шетелдік авторлық құқықтар, сауда белгісі патенттері туралы және басқа да заңдармен қорғалады. Төмендегі шектеулі лицензия бөлімінде көрсетілген немесе қолданыстағы заңдар бойынша талап етілген жағдайларды есепке алмағанда, авторлық құқықтарды, сауда белгілерін, басқа да зияткерлік меншік объектілерін немесе SMG қызметтерінің қандай да бір бөлігін SMG компаниясының жазбаша түрдегі алдын ала рұқсатынсыз кез келген мақсаттарда пайдалануға, қайта шығаруға, қол жеткізуге, көшіруге, сатуға, қайта сатуға, қатынасуға, өзгертуге немесе басқа да жолмен пайдалануға тыйым салынады. SMG мазмұнын рұқсатсыз пайдалану авторлық құқықтар, сауда белгілері туралы және басқа да заңдарды бұзуы мүмкін.

Егер сіз осы Шарттармен (сондай-ақ нақты SMG мазмұнына қатысты кез келген қосымша шарттармен және ережелермен) келіссеңіз, SMG компаниясы сізге SMG қызметтеріне қол жеткізуге, оларды пайдалануға және SMG мазмұнын тек қана жеке мақсатта және осы шарттарға сәйкес пайдалану үшін жүктеп алуға, басып шығаруға және/немесе көшіруге дербес, қайтарылатын, эксклюзивті емес, басқа тарапқа берілмейтін және (сублицензиялау құқығынсыз) шектеулі лицензияны ұсынады. Сіз SMG қызметтерінде жүзеге асырылған коммерциялық құпиялар мен зияткерлік меншік құқықтарының сізге лицензияланбайтынын немесе басқа жолмен сізге ашылмайтынын мойындайсыз. Сіз SMG компаниясының Қызметтер парақшаларын құрау үшін жасайтын HTML кодының SMG авторлық құқықтарымен қорғалғанын мойындайсыз. Осы құжатта нақты анықталмаған құқықтардың барлығын SMG компаниясы өзінде сақтайды.

SMG компаниясы сізге алдын ала жазбаша түрде рұқсат берген жағдайларды есепке алмағанда, сіз келесі әрекеттерді орындамауға келісесіз:

- a. қандай да бір SMG мазмұнын кез келген басқа жұмысқа (мысалы, өзіңіздің жеке веб-сайтыңызға) қамыту немесе SMG мазмұнын қандай да бір қоғамдық немесе коммерциялық тәсілмен пайдалану;
- b. SMG мазмұнының бөлігі болуы мүмкін авторлық құқықтар, сауда белгілері немесе басқа да зияткерлік меншік құқықтары туралы ескертулерді өзгерту; немесе
- c. SMG қызметтерінің кез келгеніне "терең сілтеме жасау" (яғни, SMG қызметтерінің бірінің басты бетінен басқа кез келген парақшасына сілтеме жасау).

SMG қызметтерінде немесе олар арқылы көрсетілетін сауда белгілері, логотиптер және қызметтік белгілер ("Белгілер") SMG компаниясының немесе үшінші тараптың меншігі болып табылады. Белгілерді SMG немесе осындай үшінші тараптың алдын ала жазбаша рұқсатынсыз пайдалануға тыйым салынады. SMG компаниясынан SMG мазмұнын пайдалануға рұқсат алу туралы ақпарат қажет болса, privacyofficer@smg.com поштасына жазыңыз.

5. SMG ҚЫЗМЕТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

5.1. Жарамдылығы: SMG қызметтері тұрғылықты елінде заңды негізде жеке деректерінің өңделуіне рұқсат бере алатын жасқа толмаған балалардың пайдалануына арналмаған. Егер сіз еліңіздегі келісім беру жасына жетпеген болсаңыз, сізге SMG қызметтерін пайдалануға болмайды.

5.2. Есептік жазбаңыз: SMG қызметтерінің белгілі бір функцияларын пайдалану үшін есептік жазба ("**Есептік жазба**") құруыңыз қажет болуы мүмкін. Сіз өзіңіз туралы нақты, өзекті және толық ақпарат беруге және оны жаңартып отыруға келісесіз. Сіз өзіңізді кез келген жеке немесе заңды тұлға атынан көрсетпеуге немесе жеке ақпаратыңызды қандай да бір тұлғамен немесе ұйыммен байланысыңызды бұрмаламауға, соның ішінде басқа адамның пайдаланушы атын, құпиясөзін немесе басқа да есептік жазба деректерін, басқа тұлғаның аты-жөнін, сыртқы келбетін, дауысын, суретін немесе фотосуретін пайдаланбауға келісесіз. Осыған қоса сіз пайдаланушы атыңыздың, құпия сөзіңіздің, басқа да есептік жазба ақпаратының рұқсатсыз пайдаланылуы немесе SMG қызметтерін пайдалану арқылы белгілі болған басқа да қауіпсіздік бұзушылықтары туралы біздің privacyofficer@smg.com поштамызға дереу хабарлауға келісесіз.

Есептік жазба құру арқылы сіз SMG компаниясының есептік жазбаны іске қосу кезінде көрсеткен электрондық пошта мекенжайы бойынша сізбен хабарласуына келісесіз.

Есептік жазбаны басқалардың пайдалануына жол бермеңіз. Есептік жазбаңыздың барлық пайдаланылуы үшін, соның ішінде есептік жазбаңызды пайдалануға рұқсат берген басқа тұлғалардың пайдалануы үшін сіз жауапты боласыз.

5.3. Сіздің жауапкершіліктеріңіз:

Сіздің SMG қызметтерін тек заңды мақсатта пайдалануға қатысты келісіміңіз.

Сіз SMG қызметтерін тек заңды мақсатта пайдалануға келісесіз. Сіз SMG қызметтерін SMG серверлерін немесе желілерін зақымдауы, ажыратуы, асыра жүктеуі немесе

бұзуы не басқа тараптың SMG қызметтерін пайдалануына кедергі келтіруі мүмкін қандай да бір жолмен пайдаланбауға келісесіз.

Сіздің SMG қызметтерін заңсыз немесе рұқсатсыз мақсаттарда пайдаланбау туралы келісіміңіз. Сіз SMG қызметтеріне, басқа пайдаланушылардың есептік жазбаларына немесе SMG компаниясының компьютерлік жүйелеріне немесе желілеріне хакерлік әрекеттер, құпиясөзді теру арқылы немесе басқа тәсілдермен рұқсатсыз кіруге әрекет жасамауға келісесіз. Жоғарыда айтылғандардың кез келгенін шектемей, сіз келесі әрекеттерді орындамауға (және қандай да бір үшінші тараптың бұндай әрекеттерді орындауына жол бермеуге) келісесіз:

- a. көшіру, өзгерту, бейімдеу, аудару, инженерлік кері талдау жүргізу, қайта кодтау немесе өзге де жолмен SMG қызметтерінің немесе SMG мазмұнының кез келген бөлігіне қол жеткізуге әрекет жасау;
- b. SMG қызметтерінен немесе SMG мазмұнынан авторлық құқық, сауда белгілері немесе басқа да меншік құқықтары туралы ескертулерді жою;
- c. Қызметтеріміздің қауіпсіздікке немесе алаяқтықтың алдын алуға қатысты мүмкіндіктеріне немесе кез келген SMG мазмұнын пайдалануға немесе көшіруге жол бермейтін немесе Қызметтерімізді немесе SMG мазмұнын пайдалануға шектеу қоятын мүмкіндіктерді айналып өту, өшіру немесе басқа да жолмен олардың жұмысына араласу;
- d. вирустар, трояндар, құрттар, логикалық бомбалар, шпиондық бағдарламалар, зиянды бағдарламалар немесе басқа да зиян тигізетін немесе технологиялық түрде зиянды материалдарды әдейілеп енгізу арқылы Қызметтерді теріс мақсатта қолдану;
- e. SMG қызметтерінің кез келген бөлігіне кіру, шығару, өшіру немесе индекстеу мақсатында қандай да бір роботты, ғаламдық іздеу бағдарламасын, сайттарды іздеу/шығару қолданбасын немесе басқа да автоматтандырылған құрылғыны пайдалану;
- f. SMG қызметтерін немесе SMG қызметтерінің кез келген функцияларын немесе функционалдық мүмкіндіктерін қандай да бір себеппен үшінші тарапқа жалға беру, лизингке беру, қарызға беру, сату, қосалқы лицензиялау, тағайындау, тарату, жариялау, тасымалдау немесе басқа да жолмен қолжетімді ету, соның ішінде SMG қызметтерін желіге жариялап, оған кез келген уақытта бірнеше құрылғыдан қол жеткізуге мүмкіндік беру;
- g. SMG қызметтерінің бөлігі болып табылатын веб-парақшалардың қандай да бір бөлігін қайта пішімдеу немесе кадрға бөлу;
- h. автоматтандырылған құралдардың көмегімен немесе жалған не алаяқтық сылтаумен бірнеше есептік жазба құру; немесе
- i. кез келген басқа пайдаланушының жеке деректерін алдын ала жазбаша түрдегі рұқсатынсыз жинау немесе сақтау.

SMG қызметтерін рұқсатсыз немесе теріс мақсаттарда қолданудың салдары. Сіз осы ережелердің кез келгенін бұзған жағдайда SMG қызметтерін пайдалану құқығының бірден тоқтатылуына, осы Шарттарда немесе қосымша қолданылатын шарттарда көрсетілген талаптарды орындамаған немесе ережелерді бұзған жағдайда SMG компаниясы SMG қызметтеріне қол жетуін бұдан әрі ескертусіз тоқтатуға құқылы болуына келісім бересіз. Сіз сонымен қатар біздің сұрауымыз бойынша сайт материалдарының кез келген жасалған көшірмелерін қайтаруға немесе жоюға келісім бересіз.

SMG қызметтерін рұқсатсыз және теріс мақсатта қолдануға қатаң тыйым салынады; жағдайға байланысты сізге қарсы зиянды өтеу бойынша азаматтық талап және/немесе қылмыстық қудалау қолданылуы мүмкін. SMG компаниясы осы Шарттардың кез келген бұзылуы, SMG қызметтерінің рұқсатсыз немесе теріс мақсатта қолданылуы туралы құқық қорғау органдарына хабарлау құқығын сақтайды. SMG қызметтерін рұқсатсыз немесе теріс мақсатта пайдаланған жағдайда, сіздің SMG қызметтерін пайдалану құқығыңыз дереу тоқтатылады және SMG компаниясы ескертусіз SMG қызметтеріне қол жетуіңізді тоқтата алады.

SMG қызметтерін пайдалануға қатысты төлемақылар, комиссиялар және басқа да шығындар (соның ішінде мәтіндік хабар алмасу ақысы) үшін жауапкершілігіңіз. Сіз SMG қызметтерін пайдалануға байланысты кез келген және барлық шығындар, комиссиялар және басқа да шығындар үшін толық жауапты боласыз. SMG қызметтеріне қол жеткізіп, смартфонда, планшетте немесе басқа да мобильді құрылғыда пайдалансаңыз, сіз интернетке Wi-Fi байланысы немесе қызметке қатысатын ұялы байланыс операторы арқылы қосылуыңыз керек. Белгілі бір қызметтер үшін мәтіндік хабар (SMS немесе MMS) алмасу қажет болуы мүмкін. Сіз барлық хабарлар мен деректер үшін ұялы байланыс операторына төленетін ақыға жауапты болуға келісім бересіз. Біз ұсынылған мәтіндік хабар алмасу қызметтері үшін жеке ақы алмаймыз, бірақ хабарлар мен деректер тарифтері қолданылуы мүмкін. Ұялы байланыс операторы барлық төлем шоттарын ұсынады және төлемді қабылдайды. Тарифтік жоспарлар мен басқа да ақпарат алу үшін ұялы байланыс операторына хабарласыңыз. SMG компаниясы мәтіндік хабар жеткізудегі қандай да бір кідірістер үшін немесе жеткізілімнің тиімді тасымалдануын сіздің ұялы байланыс операторыңыз орындауы тиісті себепті мәтіндік хабарды жеткізе алмауы үшін жауапты болмайды. Мәтіндік хабарлар барлық аймақтарда барлық уақытта қолжетімді бола бермеуі мүмкін.

Мәтіндік хабарларды алуға келісім беруіңіздің салдары. Бізден мәтіндік хабарлар алуға келісім бергеннен кейін, сізге жіберілетін мәтіндік хабарлардың жиілігі бізбен орындайтын транзакцияларыңызға байланысты болады. **Мәтіндік хабарлар алуға келісім беру арқылы сіз SMG компаниясының мәтіндік хабарларды жеткізу үшін автоматты түрде жүйесін пайдалана алатынын түсінетіңізді растайсыз, сондай-ақ сіздің қандай да бір тауарды немесе қызметті сатып алуға мүмкіндік беру үшін сізден мәтіндік хабарлар алуға келісіміңіз қажет болмайтынын түсінгеніңізді растайсыз және оған келісесіз.**

- 5.4. Материалдар. SMG компаниясы сізге және басқа пайдаланушыларға SMG қызметтеріне немесе олар арқылы өз еркіңізбен бағалар, ұсыныстар, бейне түсініктемелер, идеялар, ескертулер, тұжырымдамалар немесе басқа да ақпарат немесе материал (барлығы бірге – "**Материалдар**") жариялауды немесе басқа да жолмен жіберуді ұсынуы мүмкін.

Материалдарыңыз және оларды жіберудің немесе жариялаудың салдары үшін сіз толығымен жауаптысыз және жауапты боласыз. Сіз авторлық құқықтарды, меншік құқықтарын бұзу немесе Материалдардан туындаған басқа да кез келген зиян үшін жеке-дара жауап бересіз. Материалдарыңызды жібергенде немесе жариялағанда, сіз берген жеке деректеріңіздің көлемін мүмкін болған шамада шектеуіңіз керек, себебі сіз берген мәліметтерге байланысты Материалдар сізге сілтеме жасауы мүмкін.

Материалдарды SMG компаниясына (және/немесе өкілетті тұлғаларына) немесе SMG қызметтерінің кез келген бөлігіне жіберу, жариялау немесе тасымалдау арқылы сіз

автоматты түрде SMG компаниясына және оның өкілетті тұлғаларына Материалдарыңызды (толық немесе ішінара) пайдалануға, көшірмелеуге, қосымша лицензиялауға (бірнеше деңгей арқылы), таратуға, туынды жұмыстар жасауға, Материалдарыңызды талдауға және коммерциялық және басқа да кез келген мақсаттарда, сізге өтемақы жасамай қазір белгілі немесе кейін пайда болатын кез келген бұқаралық ақпарат құралдарына іске қосу және импорттауға бүкіл әлем бойынша, эксклюзивтік емес, қосымша лицензияланатын (бірнеше деңгей арқылы), табысталатын, роялтиден босатылған, мерзімі шексіз, қайтарылмайтын құқық бересіз немесе сіздің не сіз жіберетін материалдың басқа кез келген иеленушісінің оған рұқсат бергеніне кепілдік бересіз. Басқаша айтқанда, SMG компаниясы сіз жіберетін материалдарды пайдалану, соның ішінде Материалдарыңызды кез келген жерде, кез келген уақытта, кез келген ақпарат тасу құралында және кез келген мақсатта сізге қандай да бір ақы төлеместен немесе алдыңызда қандай да бір міндеттемелерсіз көшірмелеу, ашу, жариялау немесе тарату құқығына автоматты түрде ие болады. Сонымен қатар сіз басқа кез келген пайдаланушыға жеке мақсатта Материалыңызға қол жеткізуге, оларды көруге, сақтауға немесе көшірмелеуге рұқсат бересіз. Осымен сіз SMG компаниясына (және/немесе оның өкілетті тұлғаларына) сіздің кез келген Материалдарыңызды кез келген мақсатта кез келген жерде пайдалану құқығын бересіз. SMG компаниясы (және/немесе оның өкілетті тұлғалары) Материалдарыңыздың бірін пайдаланса, сіздің ешқандай жағдайда қандай да бір төлем талап етуге құқығыңыз жоқ. Барлық Материалдар құпия емес және патенттелмеген болып саналады.

Сіз жариялайтын материалдар жалпыға қолжетімді болуы мүмкін. Сіз қандай да бір Материалдарыңызға қатысты ешқандай құпиялылық күтпейтініңізді растайсыз. Сіз сондай-ақ Материалдарды өз еркіңізбен және өзіңіздің жеке тәуекеліңізбен жасайтыныңызды растайсыз. SMG компаниясына, SMG клиенттеріне немесе басқа кез келген заңды немесе жеке тұлғаға қатысты ақпаратты, жазбаларды немесе басқа да мазмұнды парасатты көзқараспен жариялауыңыз керек. Жала жабу немесе басқа да заңға қайшы әрекеттердің нәтижесінде туындаған Материалдар басқа пайдаланушыларға, SMG компаниясына немесе үшінші тұлғаларға тиген кез келген зиян үшін сіз заңды түрде жауапкершілікке тартылуыңыз мүмкін. Материалды жариялаған кезде, сіз тұратын елдің заңдарында басқасы талап етілмесе, оны пайдаланушы атыңызбен немесе бүркеншік атыңызбен байланыстыруды таңдай аласыз.

Егер пайдаланушылар жасаған кез келген Материалдар жала жабуға байланысты немесе басқа жолмен заң бойынша қудаланатын болып табылса да, сол үшін SMG компаниясы заң алдында жауап бермейді. SMG компаниясы SMG қызметтерінде немесе олар арқылы жарияланған немесе жіберілген пікірлерді, кеңестерді немесе ұсыныстарды мақұлдамайды және оларға жауап бермейді. SMG мұндай Материалдарға байланысты кез келген және барлық жауапкершіліктен нақты түрде бас тартады. SMG компаниясы пайдаланушылардың біліктілігі, жұмыс тәжірибесі немесе қабілеті, сондай-ақ олардың SMG қызметтеріне немесе олар арқылы жариялайтын ақпаратын растамайды және тексермейді. Сол себептен SMG компаниясы Материалдарыңызды дайындау кезінде ақыл-ой мен парасатты негізге алуға шақырады.

Материалды жариялау арқылы сіз оның келесі талаптарға сәйкес келетіндігіне келісесіз, өкілдік етесіз және кепілдік бересіз:

- a. шындыққа сай және дұрыс;
- b. SMG қызметтерінің белгілі бір тақырыбына қатысы бар;
- c. кез келген үшінші тараптың авторлық құқығына, сауда белгісіне, патентіне, әдеби, коммерциялық құпияға, құпиялылыққа, жариялылыққа, меншік құқығына, шарттық немесе басқа да құқықтарға қол сұқпайды, оларды заңсыз иеленбейді немесе бұзбайды;
- d. қандай да бір тұлғаны анықтайтын ақпарат немесе басқа кез келген тұлғаның жеке деректерін қамтитын ақпараттың жоқ болуы (бұндай тұлғаның алдын ала жазбаша рұқсаты болған жағдайларды есепке алмағанда);
- e. қандай да бір үшінші тарап немесе оның өнімдері не қызметтері туралы негізсіз мәлімдеме жасамайды;
- f. құрамында өсек-аяң, жала жабу, жалған, жаңылыстыратын, дөрекі, әдепсіз, порнографиялық, зорлық-зомбылыққа қатысты, біржақты, сексуалды түрде ерсі, өшпенділік, қорлау, қорқыту, қорлау, алымсақтық, бейәлеуметтік, жыныстық немесе нәсілдік қорлауға қатысты түсініктемелер немесе кез келген адамға немесе ұйымға зиян келтіретін немесе келтіруі мүмкін басқа да мазмұнның жоқ болуы;
- g. заңға қайшы келмейді және заңсыз іс-әрекет орындауды насихаттамайды немесе қолдамайды немесе онда заңсыз әрекет жасау ниетімен жүргізілген талқылау жоқ;
- h. кәсіпкерлікке немесе бизнеске қатысы жоқ және (пайда көру-көрмеуге қарамастан) қандай да бір өнімдерге немесе қызметтерге жарнама немесе сатуға ұсыныс немесе өтініш жасалмайды (соның ішінде қайырмалдық мен жәрдем туралы өтініштер);
- i. вирус немесе басқа да зиянды компоненттердің жоқ болуы, сондай-ақ SMG қызметтеріне немесе қосылған желіге басқа да жолмен араласпайды, зақымдамайды немесе зиян келтірмейді, кез келген жеке немесе заңды тұлғаның SMG қызметтерін пайдалануына басқа да жолмен кедергі келтірмейді; және
- j. сіздің Материалыңызға қатысты барлық заңдарға, ережелерге, нормаларға, саясаттарға және келісім шарттарына, сондай-ақ жас шектеулерін қоса алғанда, сіздің Материалыңыз жарияланатын немесе басқа да жолмен ұсынылатын SMG қызметтерінің талаптарына сәйкес келеді.

Сіз SMG компаниясының кез келген Материалдарды өзгертуге, жоюға немесе жариялаудан бас тартуға немесе рұқсат ету құқығына ие болатынын, бірақ міндетті болмайтынын мойындайсыз және келісесіз. SMG компаниясы сіз немесе кез келген үшінші тарап жариялаған қандай да бір Материалдар үшін жауапты болмайды және жауапкершілік қабылдамайды. SMG компаниясы барлық пайдаланушылардың осы талаптарға сай келуін қамтамасыз ете алмайды және сіз бен SMG компаниясы арасындағы қарым-қатынаста, сіз осындай сәйкессіздік нәтижесінде тиген зиян немесе жарақат төуекелін қабылдайсыз.

SMG компаниясы Материалдарыңызда жеке деректердің ашылуын барынша азайтуға шақырады, өйткені басқа адамдар сіздің Материалдарыңызда жеке деректерді көріп, пайдалана алады. SMG компаниясы Материалдар арқылы байланыс үшін таңдаған ақпаратыңызға жауапты болмайды.

6. ҮШІНШІ ТАРАПТЫҚ САЙТТАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР

SMG қызметтерінде үшінші тараптың веб-сайттары мен қызметтеріне (бұдан әрі - "Байланысқан қызметтер"), соның ішінде әлеуметтік желілерге сілтемелер болуы мүмкін. Байланысқан қызметтер SMG компаниясының бақылауында болып табылмайды және SMG компаниясы Байланысқан қызметтерге, ондағы ақпарат немесе материалдарға, Байланысқан қызметтен алынған кез келген жіберілімге жауапты болмайды. Сілтемені қосу SMG компаниясының Байланысқан қызметті қолдауын немесе Байланысты қызмет операторларымен қандай да бір байланысты білдірмейді. SMG Байланысқан қызметтерді зерттемейді, тексермейді және қадағаламайды. SMG компаниясы Байланысқан қызметтерге сілтемелерді тек сіздің қолайлығыңыз үшін ғана береді. Байланысқан қызметтерге қол жеткізу тәуекелі сіздің мойныңызда болады.

7. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, КЕПІЛДІКТЕРДЕН БАС ТARTУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ШЕКТЕУЛЕРІ

SMG компаниясы осы Шарттарды заңды түрде жасағанына және ондай әрекет орындауға құқылы болғанына кепілдік береді. Сіз осы Шарттарды заңды түрде қабылдағаныңызға және ондай әрекет орындауға құқылы болғаныңызға кепілдік бересіз.

ЖОҒАРЫДА АНЫҚ КӨРСЕТІЛГЕН ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚОСПАҒАНДА, SMG ҚЫЗМЕТТЕРІ "БЕРІЛГЕН КҮЙДЕ" ЖӘНЕ "ҚОЛЖЕТИМДІ БОЛҒАНДА" ШАРТЫМЕН ҰСЫНЫЛАДЫ ЖӘНЕ ОҒАН ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА ҚАНДАЙ ДА БІР КЕПІЛДІК БЕРІЛМЕЙДІ.

SMG компаниясы SMG мазмұнының дұрыстығына, сенімділігіне, толықтығына немесе уақтылығына немесе SMG қызметтері мен SMG мазмұнын пайдалану нәтижелеріне қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды және кепілдік бермейді. Сіз SMG қызметтері мен мазмұнын пайдалану тәуекелін өз мойныңызға аласыз. SMG қызметтеріне және SMG мазмұнына жүйелі түрде өзгерістер енгізіліп отырады. Бұндай өзгерістер кез келген уақытта енгізілуі мүмкін. SMG қызметтері аясындағы кейбір мазмұнды үшінші тараптар ұсынатын болуы мүмкін. SMG компаниясы осындай үшінші тараптың ұсынған мазмұнына жауапты болмайды.

SMG ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӘНЕ SMG МАЗМҰНЫ ҚАНДАЙ ДА БІР КЕПІЛДІКСІЗ "БЕРІЛГЕН КҮЙ" НЕГІЗІНДЕ ҰСЫНЫЛАДЫ. ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢДАРДА РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН МАКСИМАЛДЫ ШАМАДА, SMG КОМПАНИЯСЫ БАРЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕР МЕН ҚАНДАЙ ДА БІР ШАРТТАРДАН, СОНЫҢ ІШІНДЕ ТАУАРДЫҢ САУДАҒА ЖАРАМДЫЛЫҒЫ, НАҚТЫ МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҒЫ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТИТУЛЫ, МҮЛІКТІК НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ БҰЗЫЛМАУЫ, АҚАУЛАРДЫҢ БОЛМАУЫ, ҮЗДІКСІЗ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ, СОНДАЙ-АҚ МӘМІЛЕ ЖАСАУ НЕМЕСЕ САУДА ДӘСТҮРЛЕРІНЕН ТУЫНДАЙТЫН БАРЛЫҚ ЖАНАМА КЕПІЛДІКТЕРДЕН ЖӘНЕ ШАРТТАРДАН АНЫҚ ТҮРДЕ БАС ТАРТАДЫ.

SMG КОМПАНИЯСЫ (А) SMG ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ТАЛАПТАРЫҢЫЗҒА СӘЙКЕС КЕЛУІНЕ, (Б) SMG ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ҮЗДІКСІЗ НЕМЕСЕ ВИРУССЫЗ, ҚАТЕСІЗ ЖҰМЫС ІСТЕУІНЕ, НЕМЕСЕ (С) ҚАТЕЛЕРДІҢ ТҮЗЕТІЛЕТІНІНЕ КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ. ЕГЕР SMG ҚЫЗМЕТТЕРІН НЕМЕСЕ SMG МАЗМҰНЫН ПАЙДАЛАНУ НӘТИЖЕСІНДЕ ЖАБДЫҚҚА ЖӨНДЕУ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ НЕМЕСЕ ОНЫ АУЫСТЫРУ ҚАЖЕТ БОЛСА, ПАЙДА НЕМЕСЕ ДЕРЕКТЕР ЖОҒАЛСА, SMG КОМПАНИЯСЫ БҰНДАЙ ШЫҒЫНДАР ҮШІН ЖАУАПТЫ БОЛМАЙДЫ. SMG КОМПАНИЯСЫ НЕМЕСЕ ӨКІЛЕТТІ АГЕНТТЕРДІҢ АУЫЗША НЕМЕСЕ ЖАЗБАША ТҮРДЕ БЕРГЕН АҚПАРАТ КЕПІЛДІК БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ. КЕЙБІР ЮРИСДИКЦИЯЛАРДА ЖАНАМА КЕПІЛДІКТЕРДЕН БАС

ТАРТУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН, ЯҒНИ ЖОҒАРЫДА КӨРСЕТІЛГЕН ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ КЕЙБІРІ НЕМЕСЕ БАРЛЫҒЫ СІЗГЕ ҚАТЫСТЫ БОЛМАУЫ МҮМКІН.

СІЗ SMG ҚЫЗМЕТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ ТӘУЕКЕЛІН ӨЗ МОЙНЫҢЫЗҒА АЛАСЫЗ. Егер сіз SMG қызметтеріне, соның ішінде SMG қызметтерінің кез келген мазмұнына қанағаттанбасаңыз, оның шешімі сіздің SMG қызметтерін пайдалануды тоқтату ғана болып табылады.

СІЗ SMG КОМПАНИЯСЫНЫҢ НЕМЕСЕ SMG ҚЫЗМЕТТЕРІНДЕ СІЛТЕМЕ ЖАСАЛҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ҮШІНШІ ТАРАПТЫҢ ЕШБІР ЖАҒДАЙДА (А) ТІКЕЛЕЙ, ЖАНАМА, АРНАЙЫ, ЖАЗА РЕТІНДЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН, КЕЗДЕЙСОҚ, ҚОСАЛҚЫ НЕМЕСЕ АЙЫППҰЛ ШЫҒЫНДАРЫН НЕМЕСЕ БАСҚА ҚАНДАЙ ДА БІР ЗИЯН (АУЫСТЫРАТЫН ТАУАРЛАР НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕР САТЫП АЛУ, ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІГІН, ПАЙДАНЫ НЕМЕСЕ ДЕРЕКТЕРДІ ЖОҒАЛТУ НЕМЕСЕ БИЗНЕСІҢ КІДІРУІН ҚОСА АЛҒАНДА, БІРАҚ ОЛАРМЕН ШЕКТЕЛМЕЙ), ҚАНДАЙ ДА БІР СЕБЕППЕН ПАЙДА БОЛҒАН ЖӘНЕ ОСЫ ШАРТТАРҒА НЕМЕСЕ SMG ҚЫЗМЕТТЕРІН ЖӘНЕ МАЗМҰНЫН ПАЙДАЛАНУҒА НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНА АЛМАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАЙТЫН ҚАНДАЙ ДА БІР ЖАУАПКЕРШІЛІК ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНА СӘЙКЕС КЕПІЛДІККЕ, КЕЛІСІМШАРТҚА, АБСОЛЮТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ, ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА (СОНЫҢ ІШІНДЕ НЕМҚҰРАЙЛЫҚҚА НЕМЕСЕ Т.Б.) НЕМЕСЕ БАСҚА КЕЗ КЕЛГЕН ЗАҢҒЕРЛІК ТҰЖЫРЫМДАМА НЕГІЗІНДЕ, ТІПТІ SMG КОМПАНИЯСЫНА ОСЫНДАЙ ЗИЯН ТУЫНДАУ МҮМКІНДІГІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ ЖАСАЛҒАН БОЛСА ДА, (В) НЕМЕСЕ SMG ҚЫЗМЕТТЕРІН ПАЙДАЛАНУЫҢЫЗҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАЙТЫН БАСҚА КЕЗ КЕЛГЕН АРЫЗДАР, ТАЛАПТАР НЕМЕСЕ ЗИЯН, Т.Б. ҮШІН ЖАУАПТЫ БОЛМАЙТЫНДЫҒЫНА КЕЛІСЕСІЗ. БҰЛ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТУ МӘЛІМДЕМЕСІ ӨРЕСКЕЛ ҰҚЫПСЫЗДЫҚ НЕМЕСЕ ҚАСАҚАНА ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚ НӘТИЖЕСІНДЕ ТУЫНДАҒАН ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢДАРДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ШАМАДА ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ.

ЕГЕР ОСЫ 7-БӨЛІМДЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚАНДАЙ ДА БІР СЕБЕППЕН КЕПІЛДІКТЕРДЕН БАС ТАРТУ НЕМЕСЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ ҚОЛДАНЫЛМАЙТЫН БОЛСА НЕМЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР СЕБЕППЕН ОНЫҢ ЗАҢДЫ КҮШІ БОЛМАСА, ОСЫ КЕЛІСІМ БОЙЫНША ЗАЛАЛДЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРІ ҮШІН SMG КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ 100 АҚШ ДОЛЛАРЫ СОМАСЫМЕН ШЕКТЕЛЕДІ.

Сіз жоғарыда аталған жауапкершілік шектеулері мен осы Шарттардың жауапкершілікті шектейтін басқа да талаптарының маңызды шарттар болып табылатындығын және SMG компаниясы сізге осы Шарттарда көрсетілген құқықтарды бермейтінін мойындайсыз және оған келісесіз.

ЕГЕР СІЗ КАЛИФОРНИЯ ШТАТЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ БОЛСАҢЫЗ, СІЗ ӨЗІҢІЗДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДАН КАЛИФОРНИЯ ШТАТЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІНІҢ 1542-БӨЛІМІНЕ СӘЙКЕС БАС ТАРТАСЫЗ, ОНДА БЫЛАЙ ДЕЛІНГЕН: "ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ЖАЛПЫ БОСАТУ ҚҰҚЫҒЫ КРЕДИТОРДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БОСАТУ КЕЗІНДЕ БАР ЕКЕНІН БІЛМЕГЕН НЕМЕСЕ КҮТПЕГЕН АРЫЗДАРҒА ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ, АЛ БІЛГЕН ЖАҒДАЙДА КРЕДИТОРМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУҒА АЙТАРЛЫҚТАЙ ҰҚПАЛЫН ТИГІЗЕДІ."

8. ЗИЯНДЫ ӨТЕУ

Сіз SMG компаниясын және оның клиенттерін, директорларын, қызметкерлерін, жұмысшыларын және агенттерін (а) Материалдарыңыздан, (b) SMG қызметтерін пайдаланудан немесе (c) осы Шарттардың бұзылуынан туындайтын және кез келген үшінші тараптан SMG компаниясына қарсы ұсынылатын барлық шығындардан,

жауапкершіліктерден, арыздардан, әрекеттерден немесе талаптардан, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, ақшалай зияннан, шығындардан, қорғану шығындарынан, заңгерлік және бухгалтерлік шығындардан өз есебіңізден қорғауға, сақтандыруға және зияндардан қорғауға келісім бересіз. Бұл зиянды өтеу туралы норма қолданыстағы заңда тыйым салынған шамада қолданылмайды. SMG компаниясы осы Шарт бойынша өтеуге жататын кез келген мәселені өз есебінен айрықша қорғаныспен және бақылаумен қамтамасыз ету құқығын сақтайды. SMG компаниясының алдын ала жазбаша келісімінсіз SMG компаниясының құқықтары мен міндеттеріне әсерін тигізетін келісімдер жасалуы мүмкін емес болып табылады.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

Зияткерлік меншік құқығына немесе міндеттемелерге қатысты кез келген дауларды, АҚШ-тың федералдық заңнамасы бойынша қарастырылатын құқық бұзушылық арыздарды есепке алмағанда, сіз бен SMG компаниясы арасындағы осы Шарттардан туындайтын немесе оған байланысты кез келген даулар сіз тұратын елге немесе Қызметтер пайдаланылған елге қарамастан және құқықтық нормалардың қайшы келуіне қарамастан, Миссури штатының (АҚШ) заңнамасына сәйкес қарастырылады, түсінік беріледі және шешіледі. Бұндай даулардың барлығы Миссури штатының аумағында жасалған және жүзеге асырылған келісім-шарттарға қолданылатын Миссури штатының заңдарына сәйкес түсінік берілуі тиіс. Сіз және SMG компаниясы осы Шарттарға түсінік беруіне немесе құрылысына Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық тауарларды сатып алу-сату шарттары туралы конвенциясының қолданылмайтындығымен келісесіз.

СІЗ ЖӘНЕ SMG КОМПАНИЯСЫ ӘРБІР ТАРАПТЫҢ ЕКІНШІСІНЕ ҚАРСЫ АРЫЗДЫ ҚАНДАЙ ДА БІР БОЛЖАМДЫ ТОПТЫҚ НЕМЕСЕ ӨКІЛДІК ТАЛАПТА НЕМЕСЕ ІСТЕ ТАЛАПКЕР НЕМЕСЕ ТОП МҮШЕСІ РЕТІНДЕ ЕМЕС, ТЕК ЖЕКЕ НЕГІЗДЕ ҒАНА БЕРЕ АЛАТЫНЫНА КЕЛІСЕСІЗ.

СІЗ ЖӘНЕ SMG КОМПАНИЯСЫ БАРЛЫҚ ШАҒЫМДАРДЫҢ 9-БӨЛІМДЕ КӨРСЕТІЛГЕН ТӘРТІППЕН ТӨРЕЛІК СОТ АРҚЫЛЫ ШЕШІЛЕТІНДІГІНЕ КЕЛІСЕСІЗ ЖӘНЕ СІЗ ЖӘНЕ SMG КОМПАНИЯСЫ БҰНДАЙ ШАҒЫМДАРДЫ КЕЗ КЕЛГЕН ЖАЛПЫ ІСТЕР СОТЫНА БЕРУ ҚҰҚЫҒЫНАН БАС ТАРТАСЫЗ. СОТҚА ЖҮГІНГЕН ЖАҒДАЙДА ИЕ БОЛАТЫН АҚПАРАТТЫ АШУ СИЯҚТЫ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗ ТӨРЕЛІК СОТТА ҚОЛЖЕТІМСІЗ НЕМЕСЕ ШЕКТЕУЛІ БОЛУЫ МҮМКІН.

Сіз бен SMG компаниясы және оның агенттері, қызметкерлері, директорлары, лауазымды тұлғалары, басшылары, құқық мирасқорлары, филиалдар немесе еншілес құрылымдары арасында осы Шарттарға, оны түсінуге немесе бұзуға, жарамдылығын тоқтатуға, осы Шарттардан туындайтын қарым қатынастарға, соның ішінде жарамдылық туралы дауларға, осы Шарттардың төрелік сотта қолданылу ауқымына байланысты туындайтын даулар (барлығы бірге – "**Қамтылған даулар**") Американдық арбитраж қауымдастығы (AAA) әкімшілігімен Миссури штатының міндеттеуші төрелік сотында сол уақытта қолданыста болған ережелеріне (соның ішінде тұтынушыға қатысты даулар) ережелері мен процедураларына) сәйкес қарастырылады. Қандай да бір төрелік істі бастамай тұрып, іс бастайтын тарап екінші тарапқа кемінде 60 күн бұрын өзінің төрелікке жүгіну ниеті туралы алдын ала жазбаша хабарлама жібереді. SMG компаниясы мұндай хабарламаны аккаунт жасаған кезде көрсеткен электрондық поштаға немесе SMG компаниясына басқа да жолмен берген электрондық поштаға жібереді; бұндай хабарламаны SMG компаниясының privacyofficer@smg.com электрондық поштасына жіберуіңіз қажет.

Барлық тіркеу, әкімшілік және төрелік алымдардың төлемі AAA ережелері бойынша реттеледі. Дегенмен, егер сіз төрелік шығындардың сот шығындарымен салыстырғанда сізге тиімсіз болатынын көрсете алсаңыз, төрелік сот шығындарының сізге жоғары болмауы үшін, төреші қажет деп санаған жағдайда SMG компаниясы тіркеу, әкімшілік және төрелік алымдарын төлейді. Егер төреші сіздің арбитражда мәлімдеген талап(тар)ыңыздың негізсіз болғанын анықтаса, сіз SMG компаниясы төрелікке байланысты сіз үшін төлеген және AAA ережелеріне сәйкес төлеуіңіз қажет барлық алымдарды SMG компаниясына өтеуге келісесіз.

AAA коммерциялық төрелік ережелеріне сәйкес бір төреші таңдалады. Төрелік іс қарау ағылшын тілінде жүргізіледі. Төреші заң бойынша немесе әділдік құқығы бойынша сотта қолжетімді болатын кез келген жеңілдік ұсыну құқығына ие болады және төрешінің кез келген шешімі тараптардың әрқайсысы үшін түпкілікті және міндетті болады, сонымен қатар құзыретті юрисдикцияның кез келген сотында шешім ретінде қолданылуы мүмкін. Алайда, осы құжатта әрбір тарап бас тартқан айыппұл немесе айып ретінде қолданылатын шығындарды төреші тағайындай алмайды. Төреші қолданыстағы заңнаманы және осы шарттардың ережелерін қолданатын болады; бұл талапты орындамауы төрелік өкілеттігін асыра пайдалану және сотта қайта қарауға негіз болып саналады. Төрешінің шешімі жазбаша түсіндірмемен бірге беріліп, құпия сақталуы тиіс. SMG компаниясы және сіз кез келген Қамтылған даудың төрелік сотқа тек жеке негізде берілуіне келісесіз. **SMG КОМПАНИЯСЫ ЖӘНЕ СІЗ ҚАНДАЙ ДА БІР ҚАМТЫЛҒАН ДАУДЫ ТОПТЫҚ, ӨКІЛДІК ТАЛАП НЕМЕСЕ ЖЕКЕ ЗАҢГЕРДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАҒЫ ӨРЕКЕТІ РЕТІНДЕ ТӨРЕЛІК СОТТА ҚАРАСТЫРУ ҚҰҚЫҚА ИЕ ЕМЕС ЖӘНЕ ТӨРЕШІ ІСТІ ТОПТЫҚ, ӨКІЛДІК ТАЛАП НЕМЕСЕ ЖЕКЕ ЗАҢГЕРДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАҒЫ ӨРЕКЕТІ НЕГІЗІНДЕ ҚАРАСТЫРУ ҚҰЗЫРЕТТІ ЕМЕС.** Егер осы 9-бөлімдегі төрелік туралы келісімнің қандай да бір шарты орындалмайтын болып танылса, орындалмайтын шарттың күші жойылады, ал арбитраждың қалған шарттары орындалады (бірақ ешбір жағдайда топтық, өкілдік талап немесе жеке заңгердің жалпы сипаттағы төрелігі орындалмайды). Кез келген құқықтық актіге немесе заңға қарамастан, осы Шарттардан немесе оған байланысты туындайтын кез келген талап туралы хабарлама наразылық туындағаннан кейін 1 (бір) жыл ішінде берілуі немесе мерзімінің өтуіне байланысты оның күші жойылуы тиіс. Осы 9-бөлімге қатысты, осы Шарттар және олармен байланысты мәмілелер Төрелік туралы федералдық заңның 9-бабы, U.S.C. 1-16 (FAA) бөліміне сәйкес реттеледі.

Ескерту: Осы Шарттармен келісу арқылы сіз АҚШ-тан тыс қандай да бір юрисдикцияның заңдарына сәйкес SMG компаниясына қарсы болуы мүмкін кез келген талаптар немесе іс-әрекеттерден, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, өз еліңіздің заңдарына сәйкес талаптардан немесе іс-әрекеттерден бас тартасыз және 9-бөлімнің шарттарына сәйкес, кез келген даулардың тек АҚШ заңнамасы бойынша шешілуіне ашық келісіміңізді бересіз.

10. СЫЙАҚЫЛАР

SMG компаниясы кейбір кездері сізге бонустық ұпайлар, жеңілдіктер немесе арнайы ұсыныстар сияқты сыйақы алу мүмкіндігін ұсына алады (барлығы бірге – "**Сыйақылар**"). Сыйақылар қолжетімді болғанда біз сізге SMG қызметтері арқылы хабарлаймыз. Сыйақылардың артықшылықтары мен жарамдылық мерзімі әртүрлі болуы мүмкін, сол себептен әрбір сыйақы алған кезде сіз оның мәліметтерін тексеруіңіз қажет. SurveyMini қызметінде 90 (тоқсан) күн бойы ешбір әрекет орындамасаңыз, бонустық ұпайларыңыздың мерзімі аяқталады. Сыйақылар жеке қолданысқа арналған. Сыйақыларды басқаға беруге, тапсыруға, сатуға, айырбастауға немесе алмастыруға болмайды. Заң бойынша талап етілмесе, Сыйақылар қолма-қол ақшаға

айырбасталмайды және SMG компаниясының немесе клиенттің басқа кез келген акциясымен, ұсынысымен немесе басқа жеңілдікпен біріктірілмейді. Сыйақыларыңызды қолданғаннан кейін қандай да бір себеппен кредиттер немесе ақша қайтарылмайды. SMG компаниясы Сыйақының қолжетімділігін өзгерту, жою немесе тоқтату құқығын сақтайды. Сіз SMG компаниясының сыйақыларға қатысты барлық мәселелерде түпкілікті және міндетті болып табылатын шешімдерін орындауға келісесіз.

11. МОБИЛЬДІ ҚОЛДАНБАЛАРДЫ ЖАҢАРТУ

Біз (тек өз қалауымыз бойынша) жүйелі түрде мобильді қолданбаларымыздың жаңа нұсқасын әзірлеп қамтамасыз етуіміз мүмкін және олар жетілдірілген, қателері түзетілген нұсқаны, патчтарды және басқа түзетулерді және/немесе жаңа мүмкіндіктерді (барлығы бірге – “**Жаңартулар**”) қамтуы мүмкін. Жаңартулар белгілі бір мүмкіндіктер мен функцияларды өзгертуі немесе толығымен жоюы мүмкін. Сіз SMG компаниясының қандай да бір Жаңартулармен қамтамасыз етуге немесе белгілі бір мүмкіндіктерді не функцияларды қамтамасыз етуге немесе қосуға міндетті болмайтынына келісесіз.

Мобильді құрылғыңыздың параметрлеріне байланысты, мобильді құрылғыңыз интернетке қосылған кезде: (а) Жаңартулар автоматты түрде жүктеледі және орнатылады; немесе (b) қолжетімді Жаңартуларды жүктеу және орнату туралы хабарлама немесе сұрау алуыңыз мүмкін.

Барлық Жаңартуларды дереу жүктеп алып, орнатыңыз. Болмаса, SMG қызметтерінің кейбір бөліктері жөнді жұмыс істемеуі мүмкін. Сіз сондай-ақ барлық Жаңартулардың SMG қызметтерінің бөлігі болып саналатынына және осы Шарттардың барлық ережелері мен шарттарына сай пайдаланылатынына келісесіз.

12. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ШАРТ ЖАСАСУ

SMG қызметтерін пайдалануыңыз және/немесе тіркелуіңіз бізбен электрондық түрде шарт жасасуға келісіміңіз ретінде қабылданады.

13. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ШЕКТЕУЛЕР/ЭКСПОРТТЫҚ БАҚЫЛАУ

SMG қызметтері мен SMG мазмұны Америка Құрама Штаттарындағы Миссури штатында орналасқан және олардың әрқайсысын Америка Құрама Штаттарынан тыс жерлерде орналасқан тұлғалар пайдалануы және қол жету мүмкіндігі қамтамасыз етілген болса да, сіз заңды немесе операциялық себептерден еліңізде SMG қызметтеріне немесе SMG мазмұнына қол жеткізе алмауыңыз мүмкін екенін мойындайсыз. Егер SMG қызметтерін немесе SMG мазмұнын АҚШ-тан тыс жерде пайдалансаңыз, сіз жергілікті заңдарды сақтауға, соның ішінде SMG мазмұнының импортына, экспортына немесе кері экспортына қатысты жергілікті заңдарды сақтауға жауапты боласыз.

SMG қызметтеріне кейбір елдерде экспорттық бақылау туралы заңдар, соның ішінде АҚШ-тың экспортты бақылау туралы заңы мен оған байланысты нормативтік актілері қолданылуы мүмкін. Сіз осы заңдар мен ережелерді сақтауға келісесіз және SMG қызметтерін тікелей немесе жанама түрде экспорттамауға, кері экспорттамауға немесе SMG қызметтерін заңға, ережеге немесе нормативтік актіге сәйкес экспорттау, қайта экспорттау немесе шығаруға тыйым салынатын кез келген юрисдикциядан немесе елден қолжетімді етпеуге келісесіз. Сіз сондай-ақ қолданыстағы барлық федералды заңдарды, нормативтік актілер мен ережеледі сақтауға, сондай-ақ экспорттау, кері экспорттау, шығару немесе SMG қызметтерін АҚШ-тан тыс жерде қолжетімді ету алдында барлық қажетті міндеттемелерді (соның ішінде қандай да бір экспорттық лицензияны немесе басқа да үкіметтік рұқсатты алуды қоса алғанда) орындауға келісесіз. Осыған қоса, кез

келген SMG мазмұнын жүктеу арқылы сіз мұндай экспортқа тыйым салынған елде болмағаныңызды және АҚШ аумағында болмағаныңызды растайсыз, АҚШ сауда министрлігінің Тапсырыстан бас тарту кестесі немесе Қаржы министрлігінің ерекше санаттағы азаматтар тізімі.

14. АҚШ ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

48 C.F.R. §2.101 бөлімінде анықталғандай, SMG қызметтері – коммерциялық бағдарламалық құралдар болып табылады. Осылайша, егер сіз АҚШ үкіметінің агенттігі немесе қандай да бір мердігер болсаңыз, сіз SMG қызметтеріне қатысты Қорғаныс министрлігі мен оның мердігерлеріне (а) 48 C.F.R. §227.7201 - 48 C.F.R. §227.7204 бойынша басқа пайдаланушылар мен бірдей құқықтарға ғана ие боласыз, ал басқа АҚШ үкіметінің лицензиаттары мен олардың мердігерлері (b) 48 C.F.R. §12.212 бөліміне сәйкес құқықтарға ие болады.

15. КҮШІН ЖОЮ

SMG компаниясы сізге ескерту жасамастан, өз қалауы бойынша кез келген уақытта және себеппен, сіздің немесе басқа үшінші тараптың алдында ешбір міндеттемесіз SMG қызметтерін өзгертуі немесе тоқтатуы мүмкін, есептік жазбаңызды немесе SMG қызметтеріне қол жетуіңізді өзгертуі, тоқтатуы немесе жою мүмкін. Мысалы, SMG компаниясында сізді кәмелетке толмаған деп санауға негіз болса, есептік жазбаңыз ескертумен немесе ескертусіз жойылып, SMG қызметтеріне қол жетуіңіз үзілуі мүмкін. Басқа мысал ретінде, жалған, толық емес немесе дұрыс емес ақпарат берді немесе басқа да жолмен осы Шарттарды немесе қолданылатын Қосымша шарттарды орындамады деп санауға негіз пайда болған жағдайда, SMG компаниясы ескертумен немесе ескертусіз Есептік жазбаңызды және SMG қызметтерін пайдалану мүмкіндігін тоқтата алады.

Сіз біздің сұрауымыз бойынша сайт Материалдарының сіз жасаған кез келген көшірмелерін қайтаруға немесе жоюға келісіміңізді бересіз.

Келісімнің күшін жою SMG компаниясының басқа құқықтарын немесе құқықтық қорғау құралдарын шектемейді. Бұл Шартқа өзгеріс енгізілмесе, тоқтатылмаса және/немесе оның күші жойылмаса, олар өзінің күшін сақтайды.

16. АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ БҰЗУ ТУРАЛЫ ШАҒЫМДАР

SMG компаниясы басқа тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын құрметтейді. АҚШ-тың цифрлық дәуірдегі авторлық құқықтарды қорғау туралы заңына (“**DMCA заңына**”) сәйкес, қажет болған кезде біз құқық бұзатын материалға қол жетуді жою немесе өшіру арқылы хабарланған бұзушылыққа қарсы шара қолданамыз.

Егер жұмысыңыз SMG қызметтерінде немесе олар арқылы авторлық құқықты бұзатын жолмен көшірілді немесе зияткерлік меншік құқықтарыңыз басқа да жолмен бұзылды деген адал сеніміңіз болса, біздің DMCA агентімізге төмендегі мекенжай бойынша құқық бұзушылық туралы шағым немесе хабарлама жіберіңіз:

DMCA Agent
Service Management Group, LLC
1737 McGee Street
Kansas City, MO 64108

Немесе электрондық пошта арқылы:

privacyofficer@smg.com

Сіздің хабарламаңызда келесі ақпарат болуы тиіс:

- a. бұзылды деп болжанған эксклюзивті құқық иесінің атынан әрекет етуге уәкілетті тұлғаның физикалық немесе электрондық қолтаңбасы;
- b. құқық бұзушылық туралы шағым түскен авторлық құқықпен қорғалған жұмыстың сәйкестендіру анықтамасы немесе егер авторлық құқықпен қорғалған бірнеше туындылар бір желідегі сайтта бір хабарламада берілсе, сол сияқты туындылардың сол сайттағы репрезентативтік тізімі;
- c. құқықты бұзатыны туралы хабарланған немесе құқық бұзушылық нысаны болуы мүмкін, жойылуы тиіс немесе оған қол жетуі өшірілуі тиіс материалдың сәйкестендіру анықтамасы және қызмет провайдерінің осы материалды табуына көмектесетін ақылға қонымды жеткілікті ақпарат;
- d. қызмет провайдерінің арыз берген тараппен байланысуына мүмкіндік беретін ақылға қонымды жеткілікті ақпарат, мысалы, мекенжайы, телефон нөмірі және егерде бар болса, арыз беруші тараппен байланысуға болатын электрондық пошта мекенжайы;
- e. арыз берген тараптың материалды арызда көрсетілген жолмен пайдалануға авторлық құқық иесінің, оның агентінің немесе заңның рұқсат етпейтініне адал сенімі бар екендігі туралы мәлімдеме; және
- f. хабарламадағы ақпараттың дұрыс болғанын растайтын мәлімдеме және шағым берген тараптың бұзылды деп саналатын эксклюзивті құқықтар иесінің атынан әрекет етуге уәкілетті болғаны және жалған куәлік үшін жауапкершілікке тартылуы туралы мәлімдеме.

Біздің DMCA агентіміз тек DMCA талаптарына сәйкес келетін хабарламалар мен сұрауларға ғана жауап береді. Толығырақ мәлімет алу үшін www.copyright.gov парақшасын қараңыз.

17. КАЛИФОРНИЯ ТҰРҒЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Калифорния Азаматтық Кодексінің 1789.3 бөліміне сәйкес, біз Калифорния тұрғындарына тұтынушылардың құқықтары туралы келесі ақпаратты беруге міндеттіміз:

- a. SMG қызметтері Service Management Group, LLC компаниясы тарапынан басқарылады және оның иелігінде болып табылады, мекенжайы: 1737 McGee Street, Kansas City, MO 64108. SMG компаниясының телефоны: 1-800-764-0439;
- b. басқасы көрсетілмеген болса, SMG қызметтері тегін ұсынылады;
- c. SMG қызметтеріне шағым беру немесе SMG қызметтерін пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін мына мекенжайға хат жіберіңіз: Service Management Group, LLC, Attn: Data Protection Officer, 1737 McGee Street, Kansas City, MO 64108, болмаса privacyofficer@smg.com поштасына электрондық хат жіберіңіз (тақырып жолына “California Resident Request” деп жазылуы керек). Сіз сондай-ақ Калифорнияның тұтынушылар істері жөніндегі басқармасының Тұтынушыларға қызмет көрсету бөлімінің Шағымдармен жұмыс істеу қызметіне жазбаша түрде келесі мекенжай бойынша хабарласа аласыз: 400 R Street, Suite 1080, Sacramento, California 95814 немесе телефон арқылы 916.445.1254 және 800.952.5210 нөмірлеріне қоңырау шалуыңызға болады.

18. ӨЗГЕ ШАРТТАР

- a. Тиісті сайттарда берілген осы Шарттар мен құпиялылық саясаттары сіз бен SMG компаниясы арасында осы құжаттағы мәселелерге қатысты толық түсінігіңізді қамтиды.
- b. Бұл Шарттар ағылшын тілінде жазылған. Барлық жағдайларда бұл келісімнің ағылшын тіліндегі нұсқасы басым күшке ие болады. Осы Келісімнің басқа тілдегі кез келген нұсқасы тек қолайлылық үшін жасалады және тараптардың ешбіріне міндет артпайды.
- c. Бұл Шарттар SMG компаниясы мен сәйкесінше сіздің мирасқорларыңыз, құқық мирасқорларыңыздың мүддесінде әрекет етеді және міндетті болып табылады.
- d. Бұл Шарттарды SMG компаниясы тағайындай алады, бірақ сіз оларды SMG компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз тағайындай алмайсыз.
- e. Егер осы Шарттардың қандай да бір ережесі орындалмайтын немесе жарамсыз болып табылса, аталған жағдайларға қарамастан, қалған ережелер өзінің күшін сақтайды.
- f. Егер SMG компаниясы немесе сіз осы шарттарға сәйкес қандай да бір міндеттемені орындамасаңыз, ал екінші тарап ондай міндеттеменің орындалуын талап етпесе, кез келген жағдайда орындауды талап етпеу міндеттемеден бас тартуды білдірмейді және кез келген басқа да жағдайларда орындауды талап етуге кедергі болмайды.
- g. Осы Шарттардың ешбір бөлігінде сіз немесе SMG компаниясы екінші тараптың агенті немесе өкілі, бірлескен кәсіпорындар немесе серіктестер деп саналмайсыз.
- h. Егер осы ережені қолданатын тараптың бақылауынан тыс қандай да бір себеппен SMG компаниясы немесе сіз осы Шарттарға сәйкес қандай да бір міндеттемені орындай алмасаңыз немесе орындамасаңыз, міндеттемені орындай алмаған тараптың орындау мерзімі кідірту кезеңіне немесе осындай себеп бойынша орындай алмаған мерзімге ұзартылады.
- i. Тақырыптар мен жазбалар тек қолайлылық үшін берілген.

СҰРАҚТАРЫҢЫЗ БАР МА?

Егер сізде осы Пайдалану шарттары немесе SMG қызметтері туралы сұрақтар туындаса, бізге privacyofficer@smg.com поштасы арқылы хабарласыңыз.

Сондай-ақ келесі мекенжайға хат жіберуіңізге болады:

Service Management Group, LLC

Attn: Data Protection Officer

1737 McGee Street

Kansas City, MO 64108

®/TM trademarks © Service Management Group, LLC 2017. Барлық құқықтар қорғалған.